



Қарағанды облысында ортақ су пайдаланудың қағидалары туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының 2016 жылғы 19 ақпандағы XLII сессиясының № 479 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 наурызда № 3707 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 38-бабының 1) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қоса беріліп отырған Қарағанды облысында ортақ су пайдаланудың қағидалары белгіленсін.

2. Қарағанды облыстық мәслихатының 2012 жылғы 5 желтоқсандағы "Қарағанды облысының су объектілерінде ортақ су пайдаланудың қағидалары туралы" № 112 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 2095 болып тіркелген, 2013 жылғы 12 қаңтардағы № 4-5 (21430) "Орталық Қазақстан" және 2013 жылғы 12 қаңтардағы № 3 (21336) "Индустриальная Караганда" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (А.В. Борисенко) жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,
облыстық мәслихат хатшысы*

Н. Дулатбеков

**Қарағанды облыстық мәслихатының
2016 жылғы 19 ақпандағы
XLII сессиясының
№ 479 шешімімен
Бекітілген**

Қарағанды облысында ортақ су пайдаланудың қағидалары

1. Осы Қарағанды облысында ортақ су пайдаланудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 38-бабының 5) тармақшасына сәйкес және "Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 19-1/252 бұйрығымен

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11434 болып тіркелген) бекітілген Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидалары негізінде әзірленді және өңірлік жағдайлардың, соның ішінде Қарағанды облысының әкімшілік шекаралары шегінде Балқаш көлінің ерекшеліктерін ескере отырып ортақ су пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Ортақ су пайдалану халықтың мұқтаждарын қанағаттандыру үшін су объектілері жекелеген жеке немесе заңды тұлғаларға бекітіліп берілмей және судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылғылар қолданылмай жүзеге асырылады.

3. Ортақ су пайдалануды жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат талап етілмейді.

4. Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың ортақ су пайдалану объектілеріне халықтың кіруін қоршаулар, күзет пункттерін, тыйым салатын белгілер орнату жолымен шектеуіне жол берілмейді.

5. Экологиялық, техникалық және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі мақсатында ортақ су пайдалану шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

6. Ортақ су пайдалануға:

1) шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін;

2) ықтимал сел қаупі бар су объектілерін қоспағанда, рекреациялық мақсаттарда;

3) кеме қатынасы және шағын кемелерді пайдалану үшін;

4) мал суару үшін су объектілерін пайдалану жатады.

7. Шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін жер үсті су көздерінен су алу судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылғылар қолданылмай жүзеге асырылады.

8. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді экологиялық талаптар мен адам өмірінің қауіпсіздігін сақтай отырып, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы

уәкілетті органдармен келісім бойынша облыстың жергілікті атқарушы органдары белгілейді.

9. Кеме қатынасы санатына жатқызылған Қарағанды облысының жер үсті су объектілері, оларды осы мақсаттарға пайдалануға толық немесе ішінара тыйым салынған не олар оқшау пайдалануға берілген жағдайларды қоспағанда, ортақ пайдаланудағы су жолдары болып табылады.

Су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу тәртібі, кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарының тізбесі және оларды пайдалану қағидалары Кодекстің 105-бабының 3-тармағына сәйкес бекітілетін қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

10. Су объектілерін мал суару үшін пайдалануға санитарлық қорғау аймақтарынан тыс жерде және суат алаңдары мен су объектілерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын басқа да құрылғылар болған жағдайда жол беріледі.

11. Облыс, соның ішінде Қарағанды облысының әкімшілік шекаралары шегінде Балқаш көлінің аумағында орналасқан су объектілерінде шағын кемелерде және басқа да жүзу құралдарында жүзу және оларды пайдалану Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 354 "Шағын көлемді кемелерді және олар тоқтауға арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11197 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 669 "Палубалы шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17615 болып тіркелген) бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырылады, тұрғын халықтың қауіпсіздігін және шағын көлемді кемелердің өтуін қамтамасыз ету үшін су пайдалануды оқшау немесе бірлесіп жүзеге асыратын су пайдаланушы жұмысты ұйымдастырады:

1) адамдардың шомылу аймағынан тысқарыда шағын көлемді кемелердің өтуі үшін ашық түсті қалқыма белгілермен және қадалармен қоршалған, "ДӘЛІЗ АЙМАҒЫНДА ШОМЫЛУҒА ҮЗІЛДІ-КЕСІЛДІ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!" деген ескерту және шектеу белгілері бар, ені кем дегенде 10 метр және ұзындығы кем дегенде 100 метр дәліз жарактайды;

2) халықтың шомылу аймағын "қалқыма белгілерден тысқарыда ШОМЫЛУҒА ҮЗІЛДІ-КЕСІЛДІ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!", "ХАЛЫҚТЫҢ ШОМЫЛУ АЙМАҒЫНДА ШАҒЫН КӨЛЕМДІ КЕМЕЛЕРДЕ ЖҮЗУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!" деген ескерту және шектеу белгілері бар ашық түсті қалқыма белгілермен және қадалармен қоршайды.

Ескерту. 11-тармақ жана редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 25.02.2021 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

12. Азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында, өңірлік жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, Қарағанды облысының аумағында

орналасқан су объектілерінде шомылу, ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерге су алу, мал суару, шағын кемелерде және басқа да жүзу құралдарында жүзу жүзеге асырылмайтын жерлер осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13. Облыстың жергілікті атқарушы органы облыс, соның ішінде Қарағанды облысының әкімшілік шекаралары шегінде Балқаш көлінің аумағында орналасқан су объектілерінің, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2016 № 139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. Оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы, егер Қарағанды облыстық мәслихатының шешімдерінде өзгеше белгіленбесе, Кодекстің 67-бабының 3-тармағына және 68-бабының 4-тармағына сәйкес ортақ су пайдалану шарттары немесе оған тыйым салу туралы жариялайды.

14-1. Қарағанды облыстық мәслихатының кезекті немесе кезектен тыс сессиясы барысында ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеу бойынша тиісті шешім қабылдайды және оны үш жұмыс күні ішінде су пайдаланушыға жолдайды.

Ескерту. Қағидалар 14-1-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2016 № 139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15. Ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын жариялау үшін оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы Қарағанды облыстық мәслихатына ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеудің қажеттігі негізделген ұсыныс енгізеді.

16. Жарияланған ортақ су пайдаланудың шарттары немесе оған салынатын тыйымдар шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін ортақ су пайдалануды жүзеге асыруды шектемеуі тиіс.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2016 № 139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

16-1. Су пайдаланушы Қарағанды облыстық мәслихатына оң шешім алғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ, арнайы ақпараттық белгілер арқылы халықты шомылуға тыйым салынатыны және ортақ су пайдалануды жүзеге асырудың басқа шарттары туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. Қағидалар 16-1-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2016 № 139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

17. Ортақ су пайдалану үшін су объектілерін пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалар:

1) су объектілерін ұқыпты пайдалануы;

2) су объектілерін пайдаланудың белгіленген режимін сақтауы;

3) су объектілерінде мәдени, спорттық және басқа да іс-шараларды өткізу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауы;

4) су объектілерін және іргелес аумақтарын тиісті санитариялық нормаларға сай ұстауға, тұрмыстық, құрылыс және басқа да қалдықтармен қоқыстауға, іргелес аумақтарды ластаудың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды уақытылы жүзеге асыруы тиіс.

18. Ортақ су пайдаланудың су объектілерін пайдалану кезінде:

1) су объектісін ластауға және қоқыстауға;

2) шомылуға арналған орындарда киім жууға және жануарларды шомылдыруға;

3) ескерту немесе тыйым салу жазулары бар арнайы ақпараттық белгілер қойылмаған орындарда шомылуға;

4) арнайы ақпараттық белгілерді өз еркімен алып тастауға, бұзуға және жоюға;

5) аумақта жанар-жағар май материалдарын сақтауға;

6) көлікке жанар май құюды, жууды және жөндеуді жүзеге асыруға;

7) су объектілерінде және оларға тікелей жақын жерде кәмелетке толмаған балаларды үлкендердің қарауынсыз тастауға жол берілмейді.

19. Осы Қағидаларды бұзғаны үшін, жеке және заңды тұлғалар "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 364-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

20. Осы Қағидалармен реттелмеген құқықтық қатынастар, Кодекстің қолданыстағы нормаларымен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Қарағанды облысында
ортақ су пайдаланудың қағидаларына
қосымша

Қарағанды облысының аумағында орналасқан су объектілерінде шомылу, ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерге су алу, мал суару, шағын кемелерде және басқа да жүзу құралдарында жүзу жүзеге асырылмайтын жерлер

Ескерту. Қағидалар қосымшамен толықтырылды - Қарағанды облыстық мәслихатының 12.12.2017 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен; жаңа редакцияда – Қарағанды облыстық мәслихатының 09.12.2021 № 131 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ р/р	Саны р/с	Су объектісінің атауы	Су объектісінің орналасқан жері (мекенжайы, координаттары және басқалар)	Су объектілеріндегі жерлер	Ортақ су пайдалануды шектеу
Қарағанды қаласы					
Қазыбек би атындағы ауданы					
1	1	"Рубеж" бекеті ауданындағы №2 карьер су айдыны	Қазыбек би атындағы ауданы "Екатеринбург - Алматы" авто жолының маңында орналасқан ("Сары-Арқа" халықаралық аэропорттың жағына қарай жол айырығының ауданында). Координаттары: 49°42'52.7"N 73°10'25.3"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
2	2	Көгілдір тоғандар №1 көлі	Қазыбек би атындағы ауданы Көгілдір тоғандар ықшам ауданында, "Карат" жылқы клубының маңында (Көгілдір тоғандар ықшам ауданы, орналасқан Координаттар: 49°49'13.2"N 73°11'24.4"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
3	3	Көгілдір тоғандар №2 көлі	Қазыбек би атындағы ауданы Көгілдір тоғандар ықшам ауданында, "Карат" жылқы клубының маңында (Көгілдір тоғандар ықшам ауданы, орналасқан Координаттар: 49°49'06.6"N 73°10'54.2"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
4	4	Көгілдір тоғандар №3 көлі	Қазыбек би атындағы ауданы Көгілдір тоғандар ықшам ауданында, Координаттар: 49°48'45.5"N 73°10'10.0"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
5	5	Көгілдір тоғандар №4 көлі	Қазыбек би атындағы ауданы Көгілдір тоғандар ықшам ауданында, Координаттар: 49°48'26.6"N 73°09'48.1"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
6	6	Үлкен Бұқпа өзені бойындағы шахтаның тұндырғышы (1 су айдыны)	Қазыбек би атындағы ауданының солтүстік бөлігінде, Бұқар-Жырау даңғылының Саран тас жолымен қиылысқан аумағында Координаттар: 49°49'39.6"N 73°04'34.1 "E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
7	7	Үлкен Бұқпа өзені бойындағы шахтаның	Октябрь ауданының оңтүстік-батыс бөлігінде, Бұқар Жырау даңғылының Саран тас жолымен қиылысқан аумағында "Газ шаруашылығының басқармасы GazOil"	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды

		тұндырғышы (2 су айдыны)	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің АГҚС жанындағы (112 есептік кварталы, 117 құрылыс) орналасқан. Координаттары: 49°49'54.7"N 73°04'22.0"E		
Октябрь ауданы					
8	8	7 магистраль ауданындағы су айдынындағы (Терешкова көшесімен Т-бейнелі қиылыс)	Октябрь ауданының оңтүстік бөлігінде, Терешкова көшесі мен 7 магистралінің қиылысқан аумағында орналасқан Координаттары: 49°49'39.0"N 73°07'48.9"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
9	9	15 магистральдағы "ГазОйлПром" автожанармай күйо станциясы ауданындағы су айдыны	Октябрь ауданының оңтүстік-батыс бөлігінде "ГазОйлПром" автожанармай күйо станциясы маңында (108 есептік кварталы, 1 құрылыс) орналасқан. Координаттары: 49°50'48.4"N 73°03'11.4"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
10	10	Сұрыптау елді мекенінің бұрынғы темір бетон бұйымдары зауытының аумағындағы су қоймасы (1 су айдыны)	Октябрь ауданының солтүстік бөлігінде, Цементная көшесінің тұрғын үйлерінің артында орналасқан: Координаттары 49°56'02.5"N 73°08'56.4"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
11	11	Сұрыптау елді мекенінің бұрынғы темір бетон бұйымдары зауытының аумағындағы су қоймасы (2 су айдыны)	Октябрь ауданының солтүстік бөлігінде Цементная көшесінің тұрғын үйлерінің артында орналасқан Координаттары: 49°56'01.6"N 73°08'47.7"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
12	12	"Қарағанды Су" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тазалау ғимараттары ауданындағы су айдыны	Октябрь ауданының шығыс бөлігінде, Павлодар қаласының бағытындағы жол торабының аумағында, "Қарағанды Су" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сумен қамтамасыз ету және тазалау қызметінің маңында (жылуэлектр орталығы-3 аумағында солтүстік өнеркәсіптік зонасы). Координаттары: 49°55'39.6"N 73°14'09.5"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
13	13	Нан-макарон комбинаты өтпежол жанындағы су айдыны	Октябрь ауданы, нан-макарон комбинаты өтпежол жанындағы, "Евротехсервис К" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сауда-сервистық орталығы (Старт тұйық көшесі 62) маңында орналасқан. Координаты: 49°48'53.6"N 73°09'01.1 "E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
14	14	Горбачев атындағы шахтаның тұндырғышы	Октябрь ауданында, Горбачев атындағы шахтаның маңында, Глинка көшесінің №75	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды

			тұрғын үйінің артында орналасқан. Координаттары: 49°51'36.4"N 73°04'59.3"E		
15	15	Майқұқық шахтасының шахта тұндырғышы	Октябрь ауданында, бұрынғы "Майқұқық" шахтасының аумағында орналасқан. Координаттары: 49°52'09.4"N 73°09'53.8"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Теміртау қаласы					
16	1	"АрселорМиттал Теміртау" Акционерлік Қоғамының техникалық каналы	Теміртау қаласы Шығыс бөлігінде орналасқан 1 учаскесі координаттары: Басы 500 04'22.7388"N 72059'15.81" Е Аяғы 500 04'12.306"N 7300'41.7384" Е 2 учаскесі координаттары: Басы 500 02'41.4744"N 7300'15.48" Е Аяғы 500 04'18.732"N 7300'58.9176" Е	Жалпы ұзындығы 10000 метрге жуық араналар желісі	Шомылу жүзеге асырылмайды
17	2	"Bassel Group LLS" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің техникалық каналы	Теміртау қаласы Батыс бөлігінде орналасқан Координаттары: Басы 500 05'18.3912"N 72055'35.832" Е Аяғы 500 05'1.7772"N 72055'58.6056" Е	Ұзындығы 600 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
18	3	Нұра өзені Республика даңғылындағы көлік көпірінен Чкалово кентіне дейін	Теміртау қаласының ескі бөлігі бойынша ағады. Координаттары: Басы 500 05'52.944"N 72054'25.6428" Е Аяғы 500 06'10.368"N 72052'52.32" Е	Ұзындығы 1000 метр	Шомылу жүзеге асырылмайды
19	4	"Лагуна" кафесіне жақын шұңқыр	Алматы-Екатеринбург автотрассасының 1054 шақырымында орналасқан. Координаттары: 500 02'32.8632"N 72054'20.4228" Е	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
20	5	Леверов су қоймасы	Ақтау кентінің маңында орналасқан. Координаттары: 500 12'8.352"N 73004' 0.9768" Е	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
21	6	Қазаншұңқыр	"Ритуал" зиратының ауданында орналасқан Координаттары: 500 02' 46"N 72054' 23" Е	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
22	7	Нұра өзенінің сол жағалауы Самарканд су қоймасына құятын жерден Нұра өзені арқылы өтетін теміржол көпіріне дейін	Ғабиден Мустафин атындағы кент ауданында орналасқан. Координаттары: Басы 500 06' 46"N 73006' 06" Е Аяғы 500 05'04"N 73013'39" Е	Ұзындығы 9055 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
23	8	Самарканд су қоймасы Нұра өзенінің Самарканд су қоймасына құйылуынан "Солнечная лагуна" демалыс аймағына дейін	Қаланың шығыс бөлігінде Самарканд су қоймасының сол жағалауында орналасқан Координаттары: Басы 500 06' 46"N 73006' 06" Е Аяғы 500 04'16"N 72058'07" Е	Ұзындығы 12500 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
24	9	Самарканд су қоймасы айлақтан "Сан-Тропе" жағажайына дейін	Қаланың солтүстік бөлігінде Самарканд су қоймасының сол жағалауында орналасқан.	Ұзындығы 260 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды

			Координаттары: Басы 500 04' 14"N 72058' 02" E Аяғы 500 04'08"N 72057'54" E		
25	10	Самарканд су қоймасы "Сан-Тропе" жағажайынан "Жемчужина" жағажайына дейін	Қаланың солтүстік бөлігінде Самарканд су қоймасының сол жағалауында орналасқан. Координаттары: Басы 500 04' 04"N 72057' 41"E Аяғы 500 04'02"N 72057'38"E	Ұзындығы 115 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
26	11	Самарканд су қоймасы "Жемчужина" жағажайынан Теміртау қаласындағы құтқару бөлімшесіне дейін	Қаланың солтүстік бөлігінде Самарканд су қоймасының сол жағалауында орналасқан. Координаттары: Басы 500 04' 02"N 72057' 32"E Аяғы 500 04'01"N 72057'21"E	Ұзындығы 170 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
27	12	Теміртау қаласының Құтқару бөлімшесінен Самарканд су қоймасы қалалық жағажайға дейін	Қаланың солтүстік бөлігінде Самарканд су қоймасының сол жағалауында орналасқан. Координаттары: Басы 500 03' 58"N 72057' 20"E Аяғы 500 03'57"N 72057'12"E	Ұзындығы 215 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
28	13	Самарканд су қоймасы қалалық жағажайдан гидротехникалық құрылысқа дейін	Қаланың солтүстік-батыс бөлігінде Самарканд су қоймасының сол жағалауында орналасқан. Координаттары: Басы 500 03' 58"N 72057' 02"E Аяғы 500 06'08"N 72055'04"E	Ұзындығы 6000 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
29	14	Самарканд су қоймасы гидротехникалық құрылыстан Самарканд су қоймасына Нұра өзенінің құйылуына дейін	Самарканд су қоймасының оң жағалауында орналасқан. Координаттары: Басы 500 06' 20"N 72055' 12"E Аяғы 500 06'46"N 73006'06"E	Облыс су айдындарында шомылуға рұқсат етілген орындарды қоспағанда, ұзындығы 30000 метр жағалау белдеуі	Шомылу жүзеге асырылмайды
Жезқазған қаласы					
30	1	Бекболатсай шағын ауданындағы тоғандар	Жезказған қаласының аумағында орналасқан Координаттары: Басы 47°48'22.3"N 67°39'59.4"E Аяғы 47°48'25.4"N 67°39'56.1"E	Су айдынының бүкіл акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
31	2	"Костангельды" белдемшесі	Жезказған қаласының аумағында орналасқан, Бекболатсай шағын ауданы мен батыс айналма жолы арасында. Координаттары: 47°48'13.1"N 67°41'21.9"E	Су айдынының бүкіл акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
32	3	Гребной базасы ауданы	Жезказған қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°48'30.3"N 67°41'31.1"E	Ұзындығы 750 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
33	4	"Мәңгілік алау" мемориалы ауданы"	Жезказған қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°48'23.7"N 67°41'51.3"E	Ұзындығы 550 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
34	5	Саяси құғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш ауданы	Жезказған қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°48'37.5"N 67°42'01.9"E	Ұзындығы 750 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды

35	6	"Бизнес-Центр" қонақ үйі ауданы	Жезказған қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°48'46.9"N 67°42'31.7"E	Ұзындығы 800 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
36	7	"Байконур" қонақ үйі ауданы	Жезказған қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°48'36.7"N 67°42'57.1"E	Ұзындығы 2450 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
37	8	"Причал" кафесінің ауданы	Жезказған қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°48'09.5"N 67°43'24.9"E	Ұзындығы 500 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
38	9	(Бұрынғы мәдени-ойын-сауық кешені "Кросс") ғимарат ауданы	Жезказған қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°47'56.2"N 67°43'17.2"E	Ұзындығы 400 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
39	10	"Жылумен-сумен жабдықтау кәсіпорны" Акционерлік қоғамының гидроцех ауданы	Жезказған қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°47'45.7"N 67°43'31.6"E	Ұзындығы 1300 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
40	11	"Kazakhmys Distribution" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің гидроторап ауданы	Жезказған қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°47'32.0"N 67°43'55.3"E	Ұзындығы 3100 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
41	12	"Kazakhmys Energy" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің технологиялық ағызу ауданы су	Жезказған қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°48'19.6"N 67°44'49.7"E	Ұзындығы 1000 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
42	13	"Автомобилист" Тұтыну Кооперативінің ауданы	Жезказған қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°48'43.0"N 67°45'26.4"E	Ұзындығы 3300 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
43	14	"Здравница" Бағбан қоғамдастығы ауданы	Жезказған қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°49'51.8"N 67°45'20.9"E	Бұрынғы балық питомнигіне дейінгі ұзындығы жағалау белдеуі	Шомылу жүзеге асырылмайды
44	15	"Спутник" Тұтыну Кооперативінің ауданы	Жезказған қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°57'34.1"N 67°45'06.9"E	Ұзындығы шаруашылық сорғы станциясы ауданына дейін жағалау белдеуі 1 көтермелі ауыз су дуалдары	Шомылу жүзеге асырылмайды

45	16	Бұрынғы Балық питомнигі ауданы	Жезказган қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°57'39.1"N 67°45'39.7"E	Ұзындығы 2500 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
46	17	Бұрынғы пионер лагері ауданы	Жезказган қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°49'39.5"N 67°42'24.4"E	Жеке жағажайға дейінгі ұзындығы жағалау белдеуі	Шомылу жүзеге асырылмайды
47	18	Шаруашылық ауыз су дуалының сорғы станциясы ауданы 1 көтеру	Жезказган қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°49'21.4"N 67°44'32.2"E	Ұзындығы 1600 метр жағалау жолағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
48	19	Жезказган қаласының шекарасының қарама-қарсы жағалау сызығы	Жезказган қаласының Кеңгір су қоймасында орналасқан. Координаттары: 47°48'56.0"N 67°44'53.5"E	Бұрынғы пионерлагерь ауданына дейінгі ұзындығы жағалау белдеуі	Шомылу жүзеге асырылмайды
49	20	"Карасу" су қоймасы	Жезказган қаласының аумағында орналасқан Координаттары: 48°10'21.2"N 68°42'10.2"E	Су айдынының бүкіл акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Балхаш қаласы					
50	1	Балхаш қаласының қалалық дамбасы	Балхаш қаласының аумағында орналасқан Координаттары: қалалық жағажайдан 46°833214N 74°979239E Техснаб ауылының Балхаш жылуэлектр орталығы жылы ағыс науасына дейін 6°805433N 74°954142 E	Балхаш қаласының оңтүстік-батыс жағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
51	2	Балхаш жылу электр орталығының су ағысуы	Балхаш қаласының аумағында орналасқан Координаттары: жылы ағыс науасынан бастап 46°805433N 74°954142E Жасыл мыс жағалау жолағына дейін 46°791892N 74°942244E	Балхаш қаласының оңтүстік-батыс жағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
52	3	Рембаза ауылының жағалау жолағы	Балхаш көлінің су айдынында "Бертыс" бухтасында, Координаттары: "Фламинго" демалыс орнының жағалау жолағынан бастап 46°791866N 74°979830E "Барковское" бақта қоғамының жағалау жолағына дейін 46°807617N 75°008536E	Балхаш қаласының оңтүстік-батыс жағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
53	4	Тұзды көлдің жағалау жолағы	Балхаш көлінің су айдынында "Бертыс" бухтасында, Координаттары: 46°780971N 74°997572E	Балхаш қаласының оңтүстік жағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
54	5	"Белый камень" бақта қоғамының жағалау жолағы	Балхаш көлінің су айдынында "Бертыс" бухтасында, Координаттары: 46°788434N 75°043170E "Балдаурен" профилакториясының жағалау жолағына дейін 46°778896N 74°979387E	Балхаш қаласының оңтүстік-шығыс жағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
55	6	Техснаб ауылының жағалау жолағы	Балхаш көлінің су айдынында "Бертыс" бухтасында, Координаттары: Жасыл мыс жағалау жолағынан бастап 46°791892N	Балхаш қаласының оңтүстік-батыс жағы	Шомылу жүзеге асырылмайды

			74°942244E "ИРС" демалыс орнының жағалау жолағына дейін 46°794793N 74°930678E		
56	7	Балхаш кең-байыту фабрикасының құйрықсақтағышының жағалау жолағы	Балқаш көлінің су айдынында "Бертыс" бухтасында, Координаттары: "ИРС" демалыс орнының жағалау жолағынан бастап 46°794962N 74°929670E Торанғалық ауылының жағалау жолағына дейін 46°765981N 74°847618E	Балқаш қаласының оңтүстік-батыс жағы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Приозерск қаласы					
57	1	қалалық №2 қоймасы су	Приозерск қаласы Балқаш көлінің жағасында орналасқан Координаттары: 49°57'44,3"N 73°04'12.5"E	Абая көшесі 2А үй, солтүстік-шығыс, су астында орналасқан сорғыш насостары бар, 200 метр ұзақтығы	Шомылу жүзеге асырылмайды
58	2	"Қаланың бірінші құрылысшылары" қалалық ескерткіші	Приозерск қаласы Балқаш көлінің жағасында орналасқан Координаттары: 49°57'44,3"N73°04'12.7"E	Приозерная көшесі қаланың солтүстігінде, 490 метр ұзақтығы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Саран қаласы					
59	1	Саран қаласының су қоймасы	Саран қаласының аумағында орналасқан Координаттары: 49°49'55"N 72°51'29"E Ежер бөгеті - ұзындығы 0,71 шақырым; Сол жағалауды қорғау дамбасы – ұзындығы 2,51 шақырым; Оң жақ жағалауды қорғау дамбасы – ұзындығы 3,4 шақырым; Шлюз № 1 - 93,7 шаршы метр; Шлюз № 2 -93,7 шаршы метр; Үш тармақты шлюз - 80 шаршы метр.	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
60	2	тас карьері	Саран қаласынан солтүстік - шығысқа қарай 4,3 шақырым жерде орналасқан. Координаттары: 49°50'55"N 72°53'05"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
61	3	"Достық" бағбан қоғамдастығы су қоймасы	Ақтас кентінен солтүстік-шығысқа қарай 1,7 шақырым жерде орналасқан. Координаттары: 43°47'37"N 72°59'17"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
62	4	"Рассвет" бағбан қоғамдастығы су қоймасы	Ақтас кентінің аумағында орналасқан. Координаттары: 49°46'22"N 72°58'10"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Сәтбаев қаласы					
63	1	"Айнаколь" қоймасы су	Сәтбаев қаласының әкімшілік аумағында орналасқан. Координаттары: 47°88'20.8"N 67°56'21.6"E	Су қоймасының барлық акваториясында	Шомылу жүзеге асырылмайды
Шахтинск қаласы					
64	1	Шерубай-Нұра өзенінің арнасы	Долинка кенті, Садовая көшесі координаттары: 49°41'30.6"N 72°40'33.9"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды

65	2	Шерубай-Нұра өзенінің арнасы	Долинка кенті, Луговая көшесі координаттары: 49°42'32.0"N 72°38'21.0"E	Су айдыдының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
66	3	Шерубай-Нұра өзенінің арнасы	Долинка кенті, Советская көшесі координаттары: 49°39'53,3"N 72°40'08,8"E	Су айдыдының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
67	4	Шерубай-Нұра өзенінің арнасы	Долинка кенті, Мостовая көшесі координаттары: 49°40'23.6"N 72°40'19.2"E	Су айдыдының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
68	5	Шерубай-Нұра өзенінің арнасы	Северо-Западный кенті, Полевая көшесі координаттары: 49°42'32.0"N 72°38'21.0"E	Су айдыдының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
69	6	Шерубай-Нұра өзенінің арнасы	Северо-Западный кенті, Заречная көшесі координаттары: 49°42'26.6"N 72°38'07.1"E	Су айдыдының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
70	7	Қарағанды-Шахан облыстық трассаның шегінен тыс жердегі су айдындары	Шахтинск қаласының аумағында, Қарағанды-Шахан облыстық трассасынан тыс орналасқан. Новодолинский кентінен 730 метр жерде орналасқан. Координаттары: 49°42'16.60"N 72°40'29.12"E	Новодолинский кенттен 730 метр қашықтықта	Шомылу жүзеге асырылмайды
71	8	Карьерлерлік қазандықтар	Облыстық жолдың сол жағында орналасқан. Бұқар Жырау ауданының тау-кен өндірісі 49.82°86.77"N, 72.60°80.90"E	Су айдыдының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Абай ауданы					
Құлайғыр ауылдық округі					
72	1	"Жоғарғы Жаманжол" бөгеті	Құлайғыр ауылынан шығысқа қарай 13 шақырым жерде орналасқан. Координаттары: 43°39'50.0"N 73°11'43.6"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
73	2	"Промежуточная" бөгеті	Құлайғыр ауылынан шығысқа қарай 3 шақырым жерде орналасқан. Координаттары: 49°42'76.2"N 72°98'48.8 "E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
74	3	"Топар" бөгеті	Құлайғыр ауылынан оңтүстікке қарай 0,5 шақырым жерде орналасқан. Координаттары: 49°42'42.6"N 72°92'70.2"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
75	4	Топар өзені	"Промежуточная" бөгетінен Шерубай-Нұра өзеніне дейін. Координаттары: басы 49°39'79.9"N 73°10'44.9"E, аяғы 49°41'80.8"N 72°86'77.4"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
76	5	Шерубай-Нұра өзені	Южный кентінен Топар кентіне дейінгі өзен учаскесі. Координаттары: басы 49°39'31.5"N 72°87'37.5"E, аяғы 49°44'57.1"N 72°85'73.1"E	Облыстың су айдындарында шомылуға рұқсат етілген жерлерден басқа су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Южный кенті					

77	6	№1 балласты су қоймасының тұндырғышы	"Қазақстан Темір Жолы" Ұлттық Компания Акционерлік Қоғамының теміржол төсемінің артында кенттен солтүстік-батыста (1200 метр) орналасқан. Координаттары: 49°22'23.45" N 72°53'11.82"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
78	7	№2 балласты су қоймасының тұндырғышы	"Қазақстан Темір Жолы" Ұлттық Компания Акционерлік Қоғамының теміржол төсемінің артында кенттен солтүстік-батыста (1800 метр) орналасқан. Координаттары: 49°22'52.61"N 72°53'2.24"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
79	8	Шерубай-Нұра өзені	"Қазақстан Темір Жолы" Ұлттық Компания Акционерлік Қоғамының теміржол төсемінің артында кенттен батыста (800 метр) орналасқан. Координаттары: 49°21'23.23" N 72°53'9.55"E	Облыстың су айдындарында шомылуға рұқсат етілген жерлерден басқа су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Қарағанды ауылдық округі					
80	9	Балласты карьер	"Трансметаллосбыт" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жартас ауылынан батысқа қарай 1 шақырым жерде орналасқан, 046 есептік квартал, № 038 учаскесі. Координаттары: 49°40'8"N 72°40'44"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
81	10	Балласты карьердің жанында орналасқан тұндырғыш (бұрынғы карьер)	Жартас ауылынан батысқа қарай 800 метр қашықтықта орналасқан. Координаттары: 49°40'8"N 73°40'44"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Құрма ауылдық округі					
82	11	"Жұмабек" бөгеті	Абай ауданының оңтүстік – шығыс бөлігінде, Құрма ауылдық округінің Жұмабек ауылының маңында, "Екатеринбург-Алматы" автожолына жақын орналасқан. Координаттары: 49°35'51"N 73°13'13" E.	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Юбилейный ауылдық округі					
83	12	Шерубай-Нұра өзені	Абай ауданы Ильичев ауылдық округінің Тас заимка ауылына бұрылыста орналасқан. "Путь Ильича" автожол көпірінің астындағы орын. Координаттары: 49°54'51.88"N 72°62'61.17" E	Облыстың су айдындарында шомылуға рұқсат етілген жерлерден басқа су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
84	13	Суару арнасы	Ильичев ауылдық округінің аумағында орналасқан. Юбилейный ауылына кіреберіс жол қиылысындағы орын, жолдың шығыс жағындағы учаске. Координаттары: 49°55'81.63"N 72°56'26.19" E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды

Дубовка ауылдық округі					
85	14	Соқыр өзені	Дубовка ауылының оңтүстік-батыс жағынан 400 метр қашықтықта орналасқан. Координаттары: 49°42'14"N 72°56'72"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
86	15	Саз өндіру карьерінің су қоймасы	Дубовка ауылының солтүстік-шығыс жағынан 500 метр қашықтықта орналасқан. Координаттары: 49°40'03"N 72°56'83"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Самарка ауылдық округі					
87	16	Нұра өзені	Елді мекендерден 300 метр қашықтықта орналасқан. Координаттары: 49°71'79.83" N 72°02'85.13" E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Дзержинка ауылдық округі					
88	17	"Қоянды-1" бөгеті	Қоянды ауылы аумағының солтүстік-батыс жағында орналасқан. Координаттары: 49°39'34"N 72°14'06"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
89	18	"Қоянды-2" бөгеті	Қоянды ауылының 500 шақырым солтүстік-батысында орналасқан. Координаттары: 49°39'11"N 72°14'20"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
90	19	"Қоянды-3" бөгеті	Қоянды ауылының 2,5-3 шақырым солтүстік-батысында орналасқан. Координаттары: 49°39'04"N 72°15'54"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
91	20	"Қойбас-1" бөгеті	Қойбас ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 6 шақырым жерде орналасқан. Координаттары: 49°46'01"N 72°16'01"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
92	21	"Қойбас-2" бөгеті	Қойбас ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 5 шақырым жерде орналасқан. Координаттары: 49°44'37"N 72°15'43"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
93	22	"Виктория" бөгеті	Сарепта ауылынан оңтүстік - шығысқа қарай 2 шақырым жерде орналасқан. Координаттары: 49°39'35"N 72°24'08"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
94	23	"Аида" бөгеті	Сарепта ауылынан 65 шақырым оңтүстік - батысында орналасқан. Координаттары: 49°27'24"N 72°16'20"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Коксун ауылдық округі					
95	24	Шерубай-Нұра өзені	Көксу ауылдық округінің Жартас ауылында орналасқан. Координаттары: 49°31'16.52"N 72°40'1.94"E	Облыстың су айдындарында шомылуға рұқсат етілген жерлерден басқа су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Топар кенті					
96	25	Шерубай-Нұра қоймасы	Шерубай-Нұра су қоймасының су торабы ауданы. Координаттары: 49°30'01.8"N 72°42'38.3"E	Облыстың су қоймаларында шомылуға рұқсат етілген	Шомылу жүзеге асырылмайды

				жерлерден басқа, су қоймасының оң жағалауы		
97	26	Шерубай-Нұра қоймасы	су	Бұрынғы пионер лагері ауданы, "Топар Басты тарату энергостанциясы" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің демалыс аймағының жанында орналасқан. Координаттары: 49°29'42.4"N 72°49'23.8"E	Облыстың су қоймаларында шомылуға рұқсат етілген жерлерден басқа, су қоймасының сол жағалауы	Шомылу жүзеге асырылмайды
98	27	Шерубай-Нұра қоймасы	су	Шерубай-Нұра су қоймасының оң жағалауы. Координаттары: 49°30'48.9"N 72°46'16.0"E	Облыстың су қоймаларында шомылуға рұқсат етілген жерлерден басқа, су қоймасының оң жағалауы	Шомылу жүзеге асырылмайды
99	28	Шерубай-Нұра қоймасы	су	Шерубай-Нұра су қоймасының оң жағалауы, "Жеңіс" демалыс аймағының жанында. Координаттары: 49°30'55.5"N 72°45'59.3"E	Облыстың су қоймаларында шомылуға рұқсат етілген жерлерден басқа, су қоймасының оң жағалауы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Есенгельды ауылдық округі						
100	29	Есен өзені		Есенгелді және Пахотное ауылдарының солтүстік-батысында "Шахтинск-Щербаков" автожолына жақын орналасқан". Координаттары: 49°52'78.19" N 71°86'79.26" E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
101	30	Нұра өзені		Есенгелді ауылының оңтүстік-шығысында "Шахтинск-Щербаков" автожолының жанында орналасқан". Координаттары: 49°20'23.7" N 74°44'04" E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Ақбастау ауылдық округі						
102	31	"Тихоновка" бөгеті		Ақбастау ауылынан оңтүстік-шығыс бағытта 3 шақырым жерде орналасқан (жол бойынша 7 шақырым). Координаттары 49°23'06"N 73°35'26"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
103	32	"Калинино" бөгеті		Ақбастау ауылынан оңтүстік-батыс бағытта 5 шақырым жерде орналасқан (жол бойынша 8 шақырым). Координаттары 49°23'18"N 73°32'01"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
104	33	"Бесінші көл" бөгеті		Ақбастау ауылынан солтүстік-батыс бағытта 8 шақырым жерде орналасқан. Координаттары 49°25'13"N 73°36'22"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды

105	34	"Ленино" бөгеті	Ақбастау ауылынан солтүстік-шығыс бағытта 3 шақырым жерде орналасқан (жол бойынша 7 шақырым). Координаттары 49°25'08"N 73°36'11"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Абай қаласы					
106	35	Абай қаласы мен Вольный арасындағы қоймасы	Республикалық маңызы бар "Кызыл-Орда – Павлодар" автожолға жақын орналасқан. Координаттары: 49°38'38"N 72°49'16"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
107	36	Су айдыны тұндырғыш	"Абай" шахтасының ауданында орналасқан". Координаттары: 49°40'54"N 72°46'20"E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
Ақтоғай ауданы					
108	1	Балқаш көлінің жағалау сызығы	Торанғалық ауылдық округі 200 шаршы метр су сору құрылғысының жағалау белдеуі 46045°59.1984`N 74050°11.8608`E	200 шаршы метр су айдыны бөлігі	Шомылу жүзеге асырылмайды
109	2	Балқаш көлінің жағалау сызығы	Сарышаған кенті шығыс бөлігінде орналасқан су сору құрылғысының жағалау белдеуі 4607°34.3452`N 73037°43.5576`E	200 шаршы метр су айдыны бөлігі	Шомылу жүзеге асырылмайды
110	3	Тоқырауын өзенінің арнасы	Ақтоғай ауданының Ақтоғай ауылының оңтүстік бағытында орналасқан. 48018°21.2616`N 7500°25.0776`E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
111	4	"Ақжарық" қоймасы	Кызыларай ауылдық округі, Кызыларай ауылының оңтүстік бағытында орналасқан. 48033°55.9151`N 75028°0.0192`E	Су айдынының барлық акваториясы	Шомылу жүзеге асырылмайды
112	5	Балқаш көлінің жағалау сызығы	Балқаш қаласы Балқаш көлі жағалауынан 46049°8.7816`N 74056°51.45`E Торанғалық ауылы Дельфин демалыс аймағына аралығы Балқаш көлі жағалауы 46045°57.1896`N 74050°55.392`E	Координаттар нүктелері бойынша көлдің жағалау сызығы	Шомылу жүзеге асырылмайды
113	6	Балқаш көлінің жағалау сызығы	Торанғалық ауылы Мерей демалыс аймағы Балқаш көлі жағалауынан 46045°43.1568`N 74049°7.914`E Шұбар-түбек ауылын Риф демалыс аймағына дейінгі Балқаш көлі жағалауы 46046°26.8968`N 74043°7.2192`E	Координаттар нүктелері бойынша көлдің жағалау сызығы	Шомылу жүзеге асырылмайды
114	7	Балқаш көлінің жағалау сызығы	Шұбар-түбек ауылы Алтын -кұм демалыс аймағы Балқаш көлі жағалауынан 46046°20.5644`N 74042°8.4996`E Шұбар-түбек ауылы Гольфстрим демалыс аймағына дейінгі Балқаш көлі жағалауы 46043°30.3024`N 74033°56.9808`E	Координаттар нүктелері бойынша көлдің жағалау сызығы	Шомылу жүзеге асырылмайды
115	8	Балқаш көлінің жағалау сызығы	Шұбар-түбек ауылы Гольфстрим демалыс аймағындағы Балқаш көлі жағалауынан 46043°26.382`N 74033°56.988`E Тасарал ауылына дейінгі Балқаш көлі жағалауы 46018°29.6424`N 73058°19.4448`E	Координаттар нүктелері бойынша көлдің жағалау сызығы	Шомылу жүзеге асырылмайды
